

# Менің де атам соғысқа қатысқан

Ұлы Отан соғысында талай азамат шейіт болып, қаншама отбасы арыстарынан айырылды. Ата-бабаларымыздың сол ерлігі бізге бүгінгі бейбіт күнді сыйлады. Ұлы Жеңістің 77 жылдығына орай оқырман қауымға соғыс ардагері атам Әлінің өмір жолы жөнінде баяндағым келеді.

Әлі Ошақбайұлы 1923 жылы 17 тамызда бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы, Көмешбұлақ ауылдық Кеңесіндегі «Ленин жолы» ұжымшарында (қазіргі Ақарыс ауылы) Ақсу мен Арыс өзендерінің түйіскен жерінде дүниеге келген. Әкесі Ошақбай бағбан болған кісі. Көруен тартып сауда жасаған ол он сауағынан өнер тамған шебер болған. Домалақ ана кесенесінің жөндеу жұмыстарына атсалысқан, діни сауаты да болған. Арғы атамыз Ошақбайдың өз заманында Арыс өзеніне өтпелі көпір салдырғанын да айта кетейік.

Бірде Ошақбай атамыз түс көреді. Түсінде мешітке 2 кебісі жоғалып, артынша табылады. Бұл түсін майдандағы 2 ұлы да аман-есен келеді деп жақсылыққа жорыпты. Расында да екі ұлы да соғыстан аман-есен оралады, бірақ екеуі де бомба жарылғанда топырақтың астында қалып кет-



кендіктен өкпе ауруына ұшырап, құлақтары нашар еститін болып қалады. Әлі атамның анасы Қалан шаруашылықта сауыншы болып еңбек еткен екен.

Әлі атам 1934 жылдан бастап Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы «Ленин жолы» ұжымшарындағы «Қызыл Октябрь» жетіжылдық мектебінде оқып, 1941 жылы жетінші сынып бітірген шағында Отан қорғауға өз еркімен аттанады. 1943 жылы 9-сынып оқып жүргенде әскер қатарына алынып, Украина, Белоруссия май-

дандарында соғысқа кіріп, «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталады. Соғыстан елге оралып, 1951 жылы Шымкент педагогика институтына оқуға түсіп, математика пәнінің мұғалімі мамандығын алып шығады. Оқуын жалғастырып, 1957 жылы Қызылорданың Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтына түсіп, 1963 жылы бітіреді. 1957 жылы Шаяндағы «Борлысай» ауылдық кеңесіндегі «Ақтас» жеті жылдық мектебінде физика, математика пәнінен сабақ берген. 1958 жылы «Қызыл Октябрь» орта мектебінде қызмет еткен. Оқу ісінің үздігі 1987 жылы зейнеткерлікке шыққанымен, өмірінің соңына дейін ұстаздық қызмет атқарды. Жары Ермекүл апам екеуі 6 ұл, 2 қыз сүйген. Ермекүл апа соғыс жылдарынан кейін дүниеден өтеді. Кейін Ұлпан апаммен көңіл жарастырып, ол кісі 24 нөмеренің әжесі атанады. Әлі атамыз 69 жасында дүниеден өтті. Өмірі өнегеге толы атамызды біз әрдайым мақтан тұтамыз.

**Толғанай Әлі,  
Мұхтар Әуезов атындағы  
Оңтүстік Қазақстан  
университетінің  
3-курс студенті.**